

Павлодар облысы әкімдігінің 2007 жылғы 29 маусымдағы "Павлодар облысының аумағындағы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атаулар беру және қайта атау тәртібін, жер учаскелеріне, ғимараттар мен имараттарға реттік нөмірлер беруге қойылатын талаптарды жүргізу жөніндегі ережені бекіту туралы" N 179/7 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облыстық әкімдігінің 2010 жылғы 10 наурыздағы N 56/4 қаулысы. Павлодар облысы Әділет департаментінде 2010 жылғы 29 наурызда N 3159 тіркелген Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы N 379/12 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 30.12.2014 N 379/12 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 21-3)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңы 28-бабының 3-тармағына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2007 жылғы 29 маусымдағы "Павлодар облысының аумағындағы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атаулар беру және қайта атау тәртібін, жер учаскелеріне, ғимараттар мен имараттарға реттік нөмірлер беруге қойылатын талаптарды жүргізу жөніндегі ережені бекіту туралы" N 179/7 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3091 болып тіркелген, 2007 жылғы 26 шілдедегі "Сарыарқа Самалы" газетінің N 87 және 2007 жылғы 28 шілдедегі "Звезда Прииртышья" газетінің N 87 сандарында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Павлодар облысының аумағындағы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атаулар беру және қайта атау тәртібін, жер учаскелеріне, ғимараттар мен имараттарға реттік нөмірлер беруге қойылатын талаптарды жүргізу жөніндегі ережедегі 50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"50. Тапсырыс берушілер салынып жатқан (салынатын) ғимараттар мен имараттардың қасбеттерінде ғимараттар, имараттар реттік нөмірлерінің көрсеткіштерін, көшелер атауларының көрсеткіштерін, шағын аудандар атауларының көрсеткіштерін орнатады".

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн

өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары  
А.Ф. Вербнякқа жүктелсін.

<i>Облыс әкімі</i>	<i>Б. Сағынтаев</i>
--------------------	---------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК